

«Шақпақ» негізгі орта мектеп кмм.



«Оқуға кұштар мектеп» жобасы аясында жүргізілетін жұмыс жоспары.

Кітапханашы: ШакуоваГ.

2022-2023оқу жылы.

«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» жобасы аясында балаларды кітап оқуға қызықтыру.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылды елімізде «Балалар жылы» деп жариялады. Ал балалардың болашағы біліммен соның ішінде кітаппен тікелей байланысты. Осы ретте «ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» жобасы аясында «Балаларды кітап оқуға қызықтыру» біздің басты мақсатымыз.

Мақсаты:

**Балаларды кітап оқуға қызықтыру.*

**Жаңартылған білім беру бағдарламасы негізінде оқыту.*

**Оқу тәжірибесіндегі жаңа әдіс - тәсілдердің тиімді жақтарын көрсете отырып, оқушыларды оқыған кітаптары бойынша білімдерін өмірде пайдалана алуға дағдыландыру.*

** Олардың функционалдық сауаттылығын арттырып, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал ету.*

Міндеті:

**функционалдық және шығармашылық қабілетін арттыру;*

**Оқу сауаттылығын қалыптастыра отырып сыни ойлауын дамыту;*

зерттеу жұмыстарын жүргізу;

**Ақпараттық – коммуникативтік дағдыларды пайдалану, цифрлық сауаттылығын арттыру;*

**Ақын - жазушылардың шығармаларын оқыта отырып, тіл байлығын дамыту;*

**TEDx(технология, көңіл көтеру және дизайн)конференция өткізу. Оқыған кітаптары жөнінде ертегілер сахналау;*

**Мәнерлеп оқу сайысын өткізу;*

**Бәсекеге қабілетті жеке тұлға қалыптастыру;*

**Үштік одақ.*

Өзектілігі:

Мектеп оқушыларын кітап оқуға қызықтыра отырып, білімді, сауатты ұрпақ тәрбиелеу;

Күтілетін нәтиже:

Егер, оқушылардың кітап оқуға деген құштарлығын оятып, ұстаз, ата – ана, оқушы арасындағы үштік одақ арқылы оқушылардың сыни ойлауын, оқу сауаттылығы мен функционалдық сауаттылығын дамытып, оқыған оқулықтарының мазмұнын айту, жарнама жасап, басқалардың кітап оқуына түрткі болып, алған білімдерін өмірде пайдалана білуіне, танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға жол ашылып, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптасады.

I.Кіріспе.

Тек кітап қана алға жылжуды, адамдық шыңына шығуды үйретеді. ХХІ ғасыр –мәдениеттің, білім мен ғылымның ғасыры. Бар білімнің қайнар көзі – кітапхана. Жас ұрпақтың терең білім алып, ой-өрісін өсіріп, шығармашылықпен жұмыс істей алуына жағдай туғызу біздің басты мақсатымыз.

Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озық жүруі тиіс, білім беруде нәтижеге бағдарлану, оқытуды оқушының жеке тұлғасына бағыттау, білім беру жүйесінің басты міндеті – өзгермелі қоғамда өмір сүруге икемді, өздігінен білім алуға, алған білімін өмірлік жағдаяттарға сәйкес қолдана білуге, шығармашылыққа бейім, бәсекеге қабілеті, жеке тұлғаны қалыптастыру, дамыту.

«Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру». Кітап оқу арқылы оқушылардың оқу сауаттылығы мен жазу сауаттылығын, оқулықты құрметтей отырып оқуға құштарлығын ояту. Оқырмандық сауаттылығын қалыптастыру, оқу процесі негізінде оқу мен жазу сауаттылығын, есте сақтау қабілетін дамыту үшін өз бетімен іздену дағдыларына бағыттау қажет.

II.Негізгі бөлім

1.Кітап оқудың сыры

Адам өмір сүріп отырған қоғамның ықылым заманнан келіп жеткен қазыналары мен кереметтерін кітапханадан, яғни кітап оқу арқылы табады. Кітапты – ғылым мен білімнің, адамзат ақыл-ойының жиынтығы сақталған қазыналы сандық десек болады. Сол сандықтағы байлықты қалай алуға болады? Кітап әлеміне баланы қалай енгізуге болады? Оның бірден - бір жолы

кітап көрмелерін ұйымдастыру. Сонымен қатар әр бөлімге тақырып қойып, дәйек сөз дайындаудан бастаймын.

Білім сүйсең, кел күн сайын осында,

Кітап сенің айналады досыңа.

Талаптансаң үйренуге ұмтылып,

Келші жас дос, ізденейік қосыла,

- деген өлең шумақтары арқылы оқушыларды кітап оқуға шақырамын. Оқырмандардың көркем әдебиетті оқып, қызығушылықтарын арттыру мақсатында кітапханаға түскен жаңа әдебиеттермен таныстырып, библиографиялық шолу, ұсыныс тізім, әңгімелер өткізіліп тұрады. Оқушыларды іс-шараларға қатыстырып, көркем туындының әсерлі жерінен үзінді қою арқылы бала бойында табиғатты қорғау, жаманшылық жасамау, мейірімділік, қамқорлық, қайырымдылық сияқты сезімдерін ояту арқылы жақсы қасиеттерін қалыптастыруға болады. Кітапханашының басты мақсаты - кітапты ұсынбастан бұрын бала бойындағы қызығушылықты ояту. Қызығушылық болған жағдайда ғана балалар өзінің сүйікті кітаптары мен жазушыларын тауып алары сөзсіз. Көп оқылатын көркем әдебиеттерден кітап көрмесін ұйымдастырып, кітаптың қызықты жерін оқып, библиографиялық шолу жасау арқылы оқырманға ой салдым. Осыдан кейін оқырмандар саны арта бастады. Оқырмандарға кітапхана туралы тереңірек мағлұматтар беріп, сауаттандыру мақсатында кітапханалық сабақтар көптеп өтіледі. Оқырман оқыған кітапты бірге талқыға салып, «Кітап саған ұнады ма?» деген тақырыпта әңгіме жүргіземіз. Оқырмандарды кітапханаға тарту және қызығушылықты арттыру мақсатында көптеген іс-шаралар, әдеби кештер, конференция, библиографиялық шолу, әңгіме, ертеңгілік, семинар-кеңестерді жиі ұйымдастырамыз. Кітапты оқуға қызықтыра түсу мақсатында балалармен ойын түрінде, сайыс түрінде іс-шаралар өткізу тиімді. Нәтижесінде баланың ойлау өрісі артады, өз ойын қысылмай еркін жеткізеді, табандылық, тапқырлық қасиеттерді қалыптасады. Жыл сайын оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында "Үздік оқырман" байқауы өткізіліп тұрады. Оқушыларға ұлы тұлғалардың поэзиясын насихаттау, халқына қызмет етудің үлгісін көрсету мақсатында 6-7 сынып оқушылар арасында қазақ тілі мен әдебиет пән бірлестігімен бірлесе отырып Абай, Оралхан, Махамбет, Мұқағали, Мағжан, Ілияс оқуларын өткіздік. Баланы көптеген оқу байқауына қатыстырып, өлеңге деген қызығушылығын арттыру. Баланы кітап оқуға үйрету үшін, ең алдымен ата-аналарға кеңес береміз. Баланы кітапқа қызықтырудың бірден бір жолы – шығарманы жатқа мәнерлеп оқу және ата-аналарымен бірге көркем әдеби кітапты оқып, отбасында әңгіме-дүкен құрып, ондағы оқиғаны тілге тиек ету. Кітапхана қорындағы сөздіктер, жазушылар

туындылары, мектеп бағдарламасына байланысты кітаптар оқырмандар сұраныстарына ие болып тұрады. Жас ұрпақты парасатты, білікті, мәдениетті де білімді етіп тәрбиелеуде олардың жан дүниесін дамытуда мектеп кітапханасының алатын орны ерекше. Білім саласының жаңа жетістіктерге қол жеткізетін маңызды ақпараттық ресурстар мен педагогикалық ұжымның бағдарламасына сай қажетті кітаптарын тауып беріп, оқулық бағдарламаларын, электрондық оқулықтарды ұсына отырып, олардың оқу дағдысын қалыптастыруға, жаңалықтарға қол жеткізуге, ықпал етеді. Сөйтіп әрбір оқушы өзін-өзі дамытуына, өз мүддесі мен қызығуын қанағаттандырып, қабілетіне сай білімін ұштауына ықпал жасайды. Кітапханадағы жүргізілген жұмыстардың нәтижесі үнемі баспасөз беттерінде жарық көріп отырады. Баспасөз беттері – жаңалық жаршысы. Мектеп кітапханасында жыл сайын мерзімді басылымдарға жазылып оқырмандардың рухани жан-дүниесін кеңейтуге, сыныптарда түрлі оқу- тәрбиелік шараларын өз деңгейінде өткізуде көп көмегін тигізсе, байқау – жарыстарға баратын мектеп мұғалімдері мен оқушылары көмекші құрал ретінде пайдаланады. Мектеп жақсы болу үшін білімнің ұйтқысы кітапхана жақсы болуға тиіс. «Кітап – өмір ұстазы. Сондықтан, жастар кітап оқуды күнделікті әдет қылуы тиіс. Кітап оқымай өмірді білу, білім алу мүмкін емес,» - деген қазақ театрының негізін қалаған әйгілі актер Серке Қожамқұлов. Иә, келешек ұрпақ кітап оқудан тыс қалмау керек. Әрине, балалардың көңілін аударатын ақпарат жүйелері: теледидар, радио, компьютер, смартфон, түрлі гаджеттер жеткілікті. Бұлардың адам өміріне қажеттілігі орасан зор екені сөзсіз. Осы ақпарат жүйелерімен қоса балаларды кітап оқуға да жастайынан баулысақ ұтылмас едік, ұтар едік. Жалпы, кітап баланың ой-өрісін жетілдіріп, білімін арттырады. Рухани байлық кітап оқу арқылы молаяды. Жаңа заман талабына ілесу – әр кітапханашының міндеті. Шәкірт санасына зор ілім құяр кітап мекені болса, кітапханашы – тілімізді, дінімізді рухани байлығымызды насихаттаушы мамандық иесі. Кітап арқылы білімге, ғылымға деген құштарлығын, ой-санасын толтырып, адамгершіліктің, парасаттың шыңына көтеріп, рухын асқақтатып жатса одан өзге бақыт болмас. Кітап оқу - адамзат ойлап тапқан ең ғажайып құбылыстардың бірі. Рухани жан дүниеге демеу беріп, адамның адами қасиетін арттыратын да осы кітап. Тәрбиеміздің бастауы ертегі, жыр, дастандарымыз да бүгінгі ұрпаққа кітап болып жетті.

Ұлы Абайдың: Пайда ойлама, ар ойла,

Талап қыл, терең білуге.

Артық білім кітапта,

Ерінбей оқып көруге, деген сөзінен – ақ көп нәрсе аңғаруға болады.

II.2.Балаларды кітап оқуға қызықтыру.

Балаларды кітап оқуға қызықтыру үшін алдымен мультфильм кейіпкерлерін және өздері ұнататын кейіпкерлер жайында әңгімелесу. Сосын оқитын кітаптар тізімін жасау. Міне бала қандай оқулық оқығысы келетінін анықтаған соң кітап оқуды бастау маңызды. Қазіргі жаһандану дәуірінде ақпараттық коммуникативтік технологияның маңызды екенін белгілі және қажеттілігі бірінші орында. Балалар қазіргі таңда қашықтан оқуға байланысты смартфондар мен ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану жолдарын еркін меңгерді. Сол себепті кітап оқуға қызықтыру үшін ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану маңызды болып табылады. Кітап оқуда электронды кітапханаға жүгіну керек. Бұл QR код сканерлеп оқуда өзі ұнататын ертегілері мен авторларының шығармаларын, туындыларын таңдап оқуға үйренеді. Өздері ұнататын мультфильм кейіпкерлеріне қатысты ертегі, әңгіме, жырларды оқыту. Олардың мультфильмін ұсыну. Өздері ұнататын мультфильм кейіпкерлеріне қатысты ертегі, әңгіме, жырларды оқыту. Олардың мультфильмін ұсыну. Оқушылар электронды оқулықты оқи отырып, мультфильмді көре отырып, кітап оқуға қызығушылығы артады. Сол оқыған оқулықтың мазмұныны сұрау, оны өз ойымен еркін жетекізе білуге үйрету керек. Ол үшін жетекші және логикалық сұрақтар арқылы оқиға желісін баяндауды үйренеді. Енді оқыған оқулықтары, ертегілері желісі бойынша ертегілер сахналау, сахналық қойылымдар қою, әңгіме мен ертегі кейіпкерлерін сахналауды үйрету. Бұл жерде оқушының тіл байлығы артады, кітап оқуға деген қызығушылығы оянады, актерлық шеберлігі артады.

100 кітап жобасын іске асыру мақсатында Назарбаев мектебі 60 қазақ жазушыларының шығармалары, 40 әлем әдебиетшілерінің шығармалары алынған. Мектеп қабырғасында осы ұсынылған көркем әдебиет тізімінен таңдау бойынша кем дегенде 20 шығарманы оқу қажет.

II.3. «Оқуға құштар мектеп» жоспары

Тақырыбы: «Оқуға құштар мектеп»

Жоғарыда көрсетілген міндеттерді орындау кезеңі:

1.Жұмысты ұйымдастыру.

Мектеп оқушысының оқу сауаттылығын дамыту жүйесіне:

- 1.әдеби оқу сабақтары;
- 2.сыныптан тыс сабақтар;
- 3.Сынып жетекшісімен біріккен жұмыс;
- 4.қосымша білім;

5. ата-анамен біріккен жұмыс кіреді;

6. Ақпараттық технологияларды қолдану, оқушы қызығушылығын арттыру.

Оқу сауаттылығын және оқуға деген қызығушылығын дамытуға жағдай жасау, мысалы:

1. сабақта және сабақтан тыс уақытта оқуға деген әр түрлі қажеттілікті дамытуда түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану;

2. сахналық қойылым сабақтары, шығармашылық сайыстар, әдебиетке қатысты түрлі ойындар арқылы оқу сауаттылығын дамыту;

3. орта буын оқушыларының шығармашылыққа деген қызығушылығын ынталандыру.

4. ақпараттық технологияларды қолдану, оқушы қызығушылығын арттыру арқылы оқуға тарту.

Жоба аясында оқуға деген уәжділікті көтеру мақсатында келесі жұмыстар өткізіу ұсынылады:

1. Акция: «Бәрін таста да, оқуды баста!» (Күнделікті өткізу. Барлық оқушылар, мұғалімдер оқу үдерісінің 10-20 минутын кітап оқуға арнайды. Мектеп кітапханасындағы ресурстық орталық электронды оқулықтар, арнайы дискдегі, планшеттердегі ақын жазушылардың шығармалары, QR код арқылы оқулықтарды сканерден өткізіп оқу, магниттік немесе стенд тақтаға арнайы оқулықтардың QR кодын сканерден өткізіп іліп қою арқылы оқуы үшін.

2. «Әңгімелесу уақыты» (Оқушылар оқыған шығармалары туралы ой бөліседі).

3. «Кітап апталығы» (Мектеп ішінде нақты бір кітап немесе кітап жанры бойынша апталық өткізу).

4. «Менің отбасымның сүйікті кітабы» (Отбасының сүйікті кітабы туралы әңгімелейді. Жарнама жасайды т.б.).

5. «Біздің мектептің электрондық кітапханасы» (Мектеп кітапханасының электронды нұсқасын құру және мектеп оқушыларына таңыстыру).

6. «Сахналық көрініс» алаңы (Оқыған шығармаларынан бір үзіндіні сахналау).

7. «Поэзия әлемі» мәнерлеп оқу сайысы. (Ұлы Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған мектепішілік сайыс және басқа мерейтойларға байланысты іс-шаралар).

8. «Дебат» клубы. (Нақты бір шығарма тақырыбына байланысты өз позицияларын дәлелдеу, ой бөлісу, пікір алмасу. Жерлес ақын-жазушылармен кездесу ұйымдастыру).

9.«Кітап – білім бұлағы» (Кітаптың пайдасы туралы жан-жақты ақпарат жинап оны мектептегі осы жобаға арналған бұрышқа орналастыру. Ата-ана, зиялы тұлғалар, оқушылармен дөңгелек үстел ұйымдастыру).

10.READx өткізу.

Plickers, Kahoot! арқылы тест орындау, QR код штрих код арқылы сканерден өткізіп ертегілер оқыту, цифрлық сауаттылығы артады. «Оқуға құштар мектеп.» жобасы бойынша оқыған ертегілерін сахналау. Сахнада ертегі қойылымын қою. Мәнерлеп оқу сайысын ұйымдастыру. «Буккросинг» әдістемесі арқылы әр сыныпта оқырман бұрышы болу. «Readingtime», «Кітап оқу» жобасы да соның маңызды бір бөлігі оқушылардың оқуға тиісті кітаптарын, қызықты ертегілерді оқырман бұрышына қою. Әр үзілісте кітап оқу, оқыған кітаптарының мазмұнын, өзара талқылау, ой бөлісу. Кітаптар көрмесін ұйымдастыру. Оқыған кітаптарының мазмұнына сай суреттер салу, сурет көрмесін ұйымдастыру. Әр іс шара қорытындыланып, балаларды марапаттау. Түрлі семинарлар ұйымдастыру. Ата – аналарды қатыстыру.

Балаларды кітап оқуға қызықтыру. «Оқуға құштар мектеп» жобасы арқылы келесідей нәтижелерге қол жеткізіледі:

1. Оқушының сабаққа деген белсенділігі артады.
2. Кітапты қызығушылықпен оқиды.
3. Өз пікірін дәлелдей алады.
4. Шығармашылықпен сұрақ қоя біледі.
5. Достарының ойын тыңдайды.
6. Болжам жасау арқылы елесі, қиялы дамыды.
7. Ұйымшылдыққа үйренді.
8. Цифрлық сауаттылықтары артты.
9. Ғаламторды ойын ойнау емес, білім алуға іздену үшін пайдаланады.
10. Оқу сауаттылығы қалыптасады.
- 11.Ғылыми ізденістері артты.
12. Тіл байлығы артады, дамиды.
- 13.Бәсекеге қабілетті, шығармашыл тұлға болып қалыптасады.
- 14.Мәнерлеп оқуға үйренеді.

III.Қорытынды:

Қорыта айтқанда, «Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыруда аталған бағдарламаға сәйкес жоспарланған жұмысты тиімді ұйымдастыра білсек оқушы мектеп, ата-анамен бірлесе жұмыс істеп, баланың оқу сауаттылығы мен жазу сауаттылығы, функционалдық сауаттылықтары, танымдық белсенділігі артып, өз бетінше кітап оқуға құштарлығы артып, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді. Оқушылар оқудың қызықты жеңіл өтетіндігін, ұжымда бірлесіп жұмыс жасауға үйрететіндігін, білімнің тереңдігі, әрі тиянақтылығы артатындығын түсінеді. Оқушы өз ой-пікірін ашық еркін айтады, бір-бірін тыңдауға үйренеді, тіл байлығы арады, мәнерлеп оқуға үйреніп, сахналық қойылымда кейіпкерлердің рөлін сомдап, актерлық шеберлігі артады, шығармашылықпен жұмыс жасауға, кітап оқуға деген қызығушылықтары оянады. Жан-жақты дамыған, болашағы айқын, бағдары анық, бәсекеге қабілетті, рухани бай тұлға қалыптастыра алатынымызға сеніміміз мол.

«Оқуға құштар мектеп» жобасымен жұмыстар

2022-2023оқу жылы.

1	«Кел, балалар, оқылық!» клубының мүшелерін сайлау	Сауалнама алу, сұхбат жүргізу	Кітапхана белсенділері	қазан	Кітапхана кеңесі
2	Кітапханаларға кітаптарды өз еркімен тапсыруға арналған қайырымдылық акциясы;	«Кітапханаға кітап сыйла» акциясы	Оқырмандар	Жыл бойы	Кітапханашы
3	«Сүйікті кітап кейіпкерлерімен кездесу»	Кітап көрмесі бойынша шолу-әңгіме	1-2 сынып	Қазан	Кітапханашы
4	«Мен оқыған бір кітап»	Пікір-талас алаңы	7 сынып	Қараша	Клуб оқырмандары
5	«Оқуға ұмтыл»	«READx» жобасы	5 сынып	Қараша	Кітапханашы
6	20 минуттық кітап оқуды ұйымдастыру	Оқу сағаты	8-9 сыныптар	Желтоқсан	Кітапхана кеңесі
7	«Мен жүйрік оқимын»	Жүйрік оқу сайысы	4 сынып	Желтоқсан	Клуб оқырмандары
8	«Кітап әлемді бағындырады»	«Reading time» оқырман сағаты	7 сынып	Қаңтар	Кітапханашы
9	«Кітапты тап»	«Әдеби тосап» әдісі	6 сынып	Ақпан	Кітапханашы
10	Бейне роликтермен бөлісу	Кітап оқу әдістері лайфхак	9 сынып	Ақпан	Клуб оқырмандары
11	Балалар мен жасөспірімдер кітабы апталығының салтанатты ашылуы. «Кітап патшалығында, Кітапхана елінде»	3 кітапша жаса әдісі	Оқырман тобы	Сәуір	Кітапханашы
12	«Біз көп оқитын әулетпіз»	Отбасылық кітап оқу күні	Оқырман тобы	Сәуір	Клуб оқырмандары
13	Халықаралық балалар кітабы апталығына орай « Кітап деген ғажайып әлем »	Кейіпкерлер әлемі әдісі	Оқырман тобы	Сәуір	Кітапхана кеңесі
14	«Мен оқыдым, сен де оқы»	«Bookcrossing»	1-9 сыныптар	Жыл бойы	Кітапханашы
15	«Оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асыру мақсатында « Оқуға құштар оқырман » байқауын өткізу	Оқырман байқауы	Барлық оқырман	ІҮ-тоқсан	Кітапханашы
16	«Көп оқып, көп білуге ұмтыл!» 100 кітап жобасын іске асыру	Кітап көрмесі.	Жалпы оқырман	Жыл бойы	Кітапханашы